



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55 66 31, 55 66 35, факс: 55 72 94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55 66 31, 55 66 35, факс: 55 72 94

№
03.08.2018 № 3 те

**Тұрақты комиссияның
2018 жылғы 3 тамыздағы
қаулысы**

**Елордадағы тұрғын үй – коммуналдық
шаруашылық кәсіпорындары қызметінің
тиімділігін көтеру және белсендендіру жөніндегі
атқарушы органдардың жұмысы туралы**

«Елордадағы тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары қызметінің тиімділігін көтеру және белсендендіру жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» ақпаратты тыңдап, талқылай отыра, қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы атқарушы органдар Астана қаласында коммуналдық қызметтер көрсету сапасын жақсарту және тұтынушыларға қызмет көрсету жөнінде шаралар өткізіп жатқандығын анықтады.

Астана қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту және жандандыру жөнінде шаралар қабылдануда. Осы мақсаттарда 1991 жылдан 2017 жыл кезеңі бойы ірі жобалар қатары, оның ішінде халықаралық қаржы институттарын тартумен, жүзеге асырылды, әр түрлі көздерден (бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат, халықаралық гранттар және қарыз қаражаты) 400,0 млрд. теңгеден астам қаражат бөлініп, игерілді. «2030 жылға дейін сумен қамту және су бұру жүйесін дамыту» ТЭН әзірленді. «Астана қаласын сумен қамту және кәріздендіру» жобасы жүзеге асырылды, оның шегінде сумен 126 км жабдықтау және кәріздендіру жүйесі салынды, 80000 астам жеке және 1000 жалпы үйлік суды есептеу құрылғылары орнатылды. Астана су қамалы, сору – тазалау станциясы және кәріздік тазарту құрылғылары жандандырылды.

Астана қаласының қала шетін дамыту мақсатында 22,5 км сумен қамту жүйесі салынды, сапалы ауыз сумен 70 000 астам тұрғын қамтылды.

«Астана қаласында Талдыкөл ағынды су қойнауын баптаумен жою» жобасы іске асырылды. Қала тұрғындарын үздіксіз сумен жабдықтау үшін жалпы құны 11,1 млрд. теңге «Өнімділігі тәулігіне 200 мың куб метр қолданыстағы сору-тазалау станциясын қайта жаңарту» жобасы жүзеге асырылды.

ШЖҚ «Астана Су Арнасы» МКК-да тіркелген сумен жабдықтау желісінің жалпы ұзындығы 1297 км, су бұру – 759 км құрайды. Сумен жабдықтау желілеріндегі апатты жағдайлар 2 есеге 2013 жылғы 836-дан 2017 жылы 416-ға дейін азайды. Су бұру желілерінде бікетіліп қалу 16 пайызға төмендеді.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 8 млрд. теңге 4 жобаны іске асыру басталды, бұл қала бойынша 43,5 км желіні қайта жаңартуға мүмкіндік береді. Коммерциялық жоғалтулар деңгейін қысқарту және көрсетілетін қызметтер көлемдерін сапалы есептеуді қамтамасыз ету үшін су тарату құдықтарын қысқарту және тұтынушыларды суды есептеу құралдарымен қамтамасыз ету бойынша бағдарламалар әзірленіп, бекітілді.

Тұтынушыларды су есептеу құралдарымен қамтамасыз ету деңгейін көтеру мақсатында халықтың әлеуметті осал жігі, сондай-ақ, көпшіліктің жеке құрылыс салу аудандары үшін 4000 бірліктен астам құрал сатып алынып, орнатылды.

Қаланың тыныс – тіршілігін қамтамасыз ететін елорданың энергетикалық инфрақұрылымы дамуда. Астана қаласының энергетика кешенінде күн сайын тәулік бойы 5000-нан астам адам жұмыс істейді, олардың арқасында үйлерде, кеңселерде және өндіріс объектілерінде жарық пен жылу бар. Жаңа тұтынушыларды қосу үшін қалайлы жағдай жасау мақсатында 2017 жылы объектілерді жандандыру, генерация сенімділігін жақсарту, жаңа тұтынушыларды жылу және электр энергиясына қосу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Қаланың энергия инфрақұрылымын дамытудың негізгі бағыты тұтынушыларды жылумен жабдықтау болып табылады. Электр және жылу энергиясының орталықтандырылған генерациясы екі көзден: ЖЭО-1 және ЖЭО-2 тұрады, оның осы кезеңдегі жылу күштілігі сағатына 2 510 Гкал.

2016 жылы ЖЭО-2-де күштілігі 220 Гкал № 5 және № 6 қазандық агрегаттары және күштілігі 180 Гкал № 7 қазандық агрегаты пайдалануға берілді. Осыған байланысты күштіліктің жалпы өсімі 400 Гкал құрады. 2017 жылы № 6 тұрба агрегатының негізгі және қосалқы құралдарын монтаждау бойынша жұмыстар орындалды, №3 және №4 градирленді, трансформаторлар, тоқ жүргізулер жеткізілді, № 8 қазандық агрегатын монтаждаумен қазандық бөлімшесін кеңейту бойынша жұмыстар басталды, ұсақталған әкті түсіру және сақтау, аспирациялы құрылғыларды, алаңнан тыс күл қоқыс өткізгіштерді және ағарған суды күлге дейін жеткізу тұрбаларын монтаждау бойынша жұмыстар аяқталды, түгін сору бөлімшесін салуға кірісті.

ЖЭО -1-де 2017 жылы №6 қазандық агрегаты қайта жаңартылды, жылу күштілігі сағатына 35 Гкал өсті, тазартылған судың, күл қоқыс жүргізгіштердің сору станциясы, сыртқы технологиялық тұрбалар эстакадасы салынды, күл аулағыштар жаңартылды. Бұл станцияның жұмыс істеу сенімділігін ұлғайтты.

Жылумен жабдықтау көздерінен шығатын жылу энергиясын соңғы тұтынушыға дейін жеткізу үшін байланысшы звено, қызметші 13 сору станциясы және магистральды және тарату желілері болып табылады, олардың ұзындығы 766,3 км құрайды.

Объектілерді орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне қосу бойынша орнықты оң серпін байқалады, 2016 жылы жүктемесі 187,7 Гкал 156 объекті, ал 2017 жылы жүктемесі 228,6 Гкал 166 объекті қосылды.

Жаңа жылу желілерін салу және ескілерін қайта жаңарту қорытындысы бойынша 2017 жылы жылу желілерінің физикалық тозуы 58,2 пайыздан 57,9 пайызға дейін төмендеді.

Екі жылу павильоны салынды, 4 км магистральды жылу желісі жаңартылды, Ә.Молдагұлова, А. Байтұрсынов, № 38 және Керей Жәнібек хандар көшелері бойында 4,4 км магистральды жылу желілері салынды. Нәтижесінде қаланың оң жақ жағалауын сенімді жылумен жабдықтау қамтамасыз етілді және А. Байтұрсынов (Мыңжылдық Аллеясы), № 38 және Керей Жәнібек хандар («Саранда» тұрғын үй алабы) көшелері бойында жаңа тұтынушылар орталықтандырылған жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етілді. Орталықтандырылған жылумен жабдықтауға ҚазМЗУ, Трансфизиология ғылыми-өндіріс орталығы ауыстырылды.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шегінде ұзындығы 12 км 5 енгізілімнің жылу магистралі салынды және пайдалануға берілді, бұл сол жақ жағалаудың жаңа тұтынушыларын орталықтандырылған жылумен жабдықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия атқарылып жатқан шараларға қарамастан, елордадағы тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары қызметінің тиімділігін көтеру және белсендендіру жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы әрі қарай жетілдіруді қажет ететіндігін айтты.

Мәслихат депутаттарының атына жеке және заңды тұлғалардан коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорындардың сапасыз жұмыс істеуіне көптеген арыздар түсуде. Тұрғындар сумен жабдықтау және ағынды судыбұру көлемдерін негізсіз есептеуге, «Астана Су Арнасы» МКК қызметкерлерінің есептеу құралдарын ауыстыру және орнату кезіндегі ерсі қылықтарына көптеген шағымдар түседі. Кәсіпорын қызметкерлерінің теріс әрекеттері тұрғындардың ашуын тудырады: бару күнін бұзу, қызмет көрсету уақытын үнемі созу.

«Астана Су Арнасы» МКК инженерлік желілер, тұрғын үй және әлеуметтік мәндегі объектілерді салумен айналысатын заңды тұлғалармен құрылыс аяқталғаннан кейін, оның ішінде объектіні пайдалануға беру мерзімдеріне әсер ететін қызметтер көрсету мерзімдерінің ұзақтығы, декларацияға қол қою мәселелері бойынша жұмыстар кезінде аса өзекті келіспеушіліктер туындайды.

Қалыптасқан жағдай себептерінің бірі қала кәсіпорындарында қызметтер көрсету бойынша қызметтердің нақты егжей-тегжейлі құқықтық реттемесінің және регламенттің болмауы болып табылады. Сонымен бірге, тұтынушылардың қызметтерге тең жағдайда қол жеткізбеуі туындайды және барлық тұтынушыларға қызмет көрсетуге қатысты бірыңғай тарифтік саясат

жүргізу шарттары бұзылады. Жеке инвестициялардан қаржыландырылатын объектілер үшін су бұру диаметрі бойынша тазарту су шығынына және су қозғалысы жылдамдығына байланысты, ал мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын объектілер үшін шығынды есептеу құралы бойынша белгіленген. Телеинспекция жүргізу кезінде мамандардың негізсіз мерзімдер белгілеулері қимасында әрекеттерінің заңды екендігіне күмән бар.

Астана тұрғындары тарапынан «Астанаэнергосбыт» ЖШС және «Астана-РЭК» ЖШС қызметтеріне деген көптеген шағымдары бар. Қала тұрғындары электр энергиясын тұтынуға, есептеу құралдарын тексерудің ұзақ, шығынды үрдістеріне, электрмен жабдықтауға және жылу энергиясы бойынша қызметтер көрсетуге және объектіні пайдалануға бергеннен кейін келісімшарттарды бұзу ұзақтығы, халыққа жалпы үй қажеттіліктері үшін тұтынылған электр энергиясына төлем жасау үшін есепшоттарды берудің негізсіздігіне, «Астана - РЭК» ЖШС бірыңғай төлем құжаттарында тұтынушы мен қызмет көрсетуі арасында келісімшарттық қатынастары болмаған қызметтер (бейнебақылау, күзет қызметтерін көрсету және т.б.) құнын көрсетулеріне шағымданады.

«Шұбар» шағын ауданының және «Комсомольский» тұрғын үй алабының тұрғындарынан оларды қалалық нөсер кәрізіне және жылумен жабдықтау желілеріне қосу мәселелері бойынша бірнеше рет шағым түсті.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1.«Елордадағы тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары қызметінің тиімділігін көтеру және белсендіру жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне, «Астана қаласының Отын – энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ мүдделі мемлекеттік мекемелермен, қаланың жылу энергетика кәсіпорындарымен бірге:

- ЖЭО-3 пайдалануға беру мерзімдерін тездету және тұтынушыларды, қаланың шеткі аймақтарындағы тұрғын алаптарын сапалы және сенімді энергия және жылумен жабдықтау жүйелерімен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты белсендендіру;

- желілердің тозуын төмендету мақсатында тұтынушылардың көбейіп жатқан жүктемесі есебімен жылумен жабдықтаудың жаңа желілерін жобалау және салу бойынша іс-шараларды жалғастыру;

- «Шұбар» шағын ауданын және «Комсомольский» тұрғын үй алабын инженерлік қамтамасыз ету желілеріне (нөсер кәрізі және жылумен жабдықтау) қосу мүмкіндігін қарастыру;

- мүдделі тұлғалар арасындағы тікелей емес қатынасты алып тастайтын қызметтер атауын және ұсынылатын қызметтер түрлерін көрсету үшін нақты мерзімдерді қарастыра отыра, халыққа коммуналдық қызметтер көрсететін қала кәсіпорындары үшін бірыңғай реттеме әзірлеу;

- пайдалануға қабылданатын объектінің сәйкестігі туралы декларацияға қол қою бойынша қызметтер көрсету регламентін әзірлеу. Сәйкестік туралы

декларацияға қол қою мерзімін 7 жұмыс күнінен 2 жұмыс күніне дейін қысқарту мүмкіндігін қарастыру;

- Электрмен жабдықтау және жылу энергиясы бойынша қызметтер көрсету келісімшарттарын бұзу мерзімдерін қысқарту туралы мәселені қарастыру. Электрмен жабдықтауға келісімшарт жасаған кезде Электр энергиясын пайдалану және қызметтер көрсетуші мен энергиямен қамтитын ұйымның өзара әрекеті шарттары ережесінің 3-тарауымен белгіленген мерзімдерді нақты сақтау;

- қаланың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында жеке секторды жылыту жүйесінде электр энергиясын арзандату мәселесін зерделеу ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Отын – энергетика кешені мен коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ –не ағымдағы жылдың 10 тамызына дейін қалалық мәслихатқа:

- ЖЭО-3 салу барысы туралы;


- «Астанаэнергосбыт» ЖШС мен «Астана - БЕО» ЖШС халыққа жалпы үй қажеттіліктеріне тұтынған электр энергиясын төлеу бойынша есепшоттардың негізділігі туралы;

- «Шұбар» шағын ауданының және «Комсомольский» тұрғын үй алабының инженерлік қамтамасыз ету жүйесінің (нөсер кәрізі және жылумен жабдықтау) жағдайы туралы;

- Астана қаласын газдандыру мерзімдері туралы ақпарат беру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Құрылыс, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй – коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссияның төрағасы**



С. Жүнісов